

**МЕРЕЙТОЙ
ЮБИЛЕЙ
ANNIVERSARY**

Құрманбаева М.С.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: Meruyert.Kurmanbayeva@kaznu.kz

**МУХИТДИНОВ
НАШТАЙ
МУХИТДИНҰЛЫ –
75 ЖАСТА!**



Биология ғылымдарының докторы, биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының профессоры, Қазақстан Ұлттық Жаратылыстану Ғылымдары Академиясының академигі,
Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының құрметті мүшесі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биология факультетінде 1970 жылдан бері үздіксіз қызмет істеп, бүкіл саналы ғұмырын білім мен ғылым саласына арнап келе жатқан кемеңгер ұстаз, биология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Академиясының құрметті мүшесі, ҚазҰЖҒА академигі, белгілі биолог-ғалым Мухитдинов Наштай Мухитдинұлы 75 жасқа толады.

Мухитдинов Наштай Мухитдинұлының 75 жылдығына арналған «Биоалуантүрлілікті сақтау және биоресурстарды ұтымды пайдалану» халықаралық ғалымдардың қатысуымен Республикалық ғылыми конференция ұйымдастырылуда.

Мухитдинов Наштай 1941 жылы 30 тамызда Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы Қараспан ауылында дүниеге келді. 1958 жылы орта мектепті үздік аяқтап, 1961 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің биология және топырақтану факультетіне оқуға түсіп, 1966 жылы үздік бағамен тәмәмдаған. Жас маманды білім мен ғылымға деген құштарлық пен еліне адал еңбек етсем деген ізгі ниеті жетелеп, 1966-1969 жылдары С.М. Киров атындағы ҚазМУ-нің ботаника кафедрасында аспирантурада оқуын жалғастырды. 1970 жылы «Корневая система растений на солонцах и солонцеватых почвах Актюбинской области» тақырыбында еліміздегі тұңғыш ризолог ретінде, тамырдың құрылысын терең зерттеп, ғылымға елеулі жаңалық қосып, кандидаттық диссертациясын Мәскеу қаласында сәтті қорғады. 1996 жылы «Эколого-морфологические особенности корневой системы растений» тақырыбы бойынша докторлық диссертациясын қорғады.

Еренді еңбек жолын 1970-1976 жылдары С.М. Киров атындағы ҚазМУ-нің ботаника кафедрасында ассистент, аға оқытушы, 1976-1988 жылдары доцент қызметінен бастады. 1983-1988 жылдары университеттің ғылыми жұмыстары жөніндегі проректордың орынбасары, 1988-2005 жылдары ботаника кафедрасының меңгерушісі, 1995-2000 жылдары биология факультетінің деканы болып лауазымды қызметтер атқарды. Декан қызметін атқару барысында «Медико-биологиялық іс» және «Геоботаника» мамандықтарының ашылуына ұйытқы болды.

1995 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің профессоры атағы, 1997 жылы МАК профессоры, 2008 жылы Қазақстан Ұлттық

Жаратылыстану Ғылымдары Академиясының академигі атағы берілді.

2005 жылдан бастап осы уақытқа дейін қазіргі биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасында құрметті профессор және университеттің Ғылыми Кеңесінің мүшесі.

Профессор Н.М.Мухитдиновтың шамамен 370-тен аса ғылыми жұмыстары жарық көрген, сонымен қатар 3 ғылыми монография, биология мамандығына арналған қазақ тілінде 7 оқу құралы мен 3 оқулықтың авторы: «Өсімдіктер морфологиясы және анатомиясы» (2001), «Биогеоценология» (2007), «Қазақстан биоресурстары» (2009), «Геоботаника» (2011), «Дәрілік өсімдіктер» (2013) және т.б. Қазіргі уақытта Н.М. Мухитдинов фитоценология, биогеоценология, геоботаниканың зерттеу әдістері және тағыда басқа курстардан магистранттар мен докторанттарға дәріс оқиды. Профессор Наштай Мухитдинұлының жетекшілігімен 3 докторлық, 15 кандидаттық және 1 PhD-докторлық диссертациялық жұмыстар қорғалды. Ұлағатты ұстаздың білімінен нәр алған шәкірттері қазіргі уақытта еліміздің түкпір-түкпірінде жемісті қызмет етуде.

Бүгінгі таңда көрнекті ғалым-ботаник жетекшілігімен жоғары дәрежедегі ғылыми жобалар шеңберінде нәтижелі жұмыстар жүргізілуде. Ғылыми еңбектері Қазақстанға ғана емес алыс-жақын шетелдерге танымал. Ізденіске толы ғылым жолында Германия, Франция, Италия, Америка Құрама Штаттарында дәріс оқып, шетелдік мамандармен білімін ұштастырған, соның нәтижесінде жарық көрген ғылыми мақалалары импакт-факторы жоғары рейтингті журналдарда басылған. Қазақстан Республикасы Ғылым және Білім Министрлігі тарапынан «2013 жылғы Жоғары Оқу Орнының үздік оқытушысы» атағымен марапатталды.

Бүгінде Наштай Мухитдинұлы жастарға өнегелі, біртуар ұстаз, ғибраты мол ғалым еліне елеулі, халқына қалаулы азамат атанып отыр. Бұл баға жетпес жетістік ұлағатты ұстаздың ой еңбегінің жемісі деп білеміз!